A tartozékok használata	98
Ápolás és karbantartás	99
Üzemmzavarok elhárítása	100
Műszaki adatok	100

Általános utasítások



A készülék első használata előtt olvassa el az eredeti kezelési útmutatót és a mellékelt biztonsági tanácsokat. Ezeknek megfelelően járjon el.

Őrizze meg mindkét tájékoztatót későbbi használatra vagy a következő tulajdonos számára.

Встановлений рівень потужності пари VaroHydro.

- Перевести перемикач в положення «Вибір діапазону витрати пари».

Парова праска бризкає водою

- Встановити терморегулятор в положення ●●●.
- Промити паровий резервуар парочисника чи видалити з нього накип. Видалення накипу з парового резервуару.

Після перерв у прасуванні з парової праски з'являються краплі води

Під час тривалих перерв у прасуванні в паропроводі може конденсуватись пара.

- Після перерв у прасуванні спрямувати струмінь пари на ганчірку, поки подача пари не стане рівномірною.

Технічні характеристики

Електричне підключення

Напруга	V	220–240
Фаза	~	1
Частота	Гц	50
Ступінь захисту		IPX4
Клас захисту		I

Робочі характеристики

Теплова потужність	Вт	2200
Теплова потужність праски	Вт	700
Максимальний робочий тиск	МПа	0,42
Час нагрівання	хвилини	3
Тривала обробка паром	г/хв	60
Максимальний паровий імпульс	г/хв	150
Кількість пари VaroHydro	г/хв	250

Об'єм заповнення

Бак для води	л	1,5
Паровий резервуар	л	0,5

Розміри та маси

Маса (без приладдя)	кг	6,0
Довжина	мм	439
Ширина	мм	301
Висота	мм	304

Зберігається право на внесення технічних змін.

Мазмұны

Жалпы нұсқаулар	177
Бұйымды мақсатына сәйкес қолдану	177
Қоршаған ортаны қорғау	177
Керек-жарақ және қосалқы бөлшектер	177
Жеткізілім жинағы	177
Кепілдік	177
Қорғанғы құрал-жабдықтары	178
Құрылғының сипаттамасы	178
Орнату	179
Пайдалану	179
Қолдануға арналған маңызды ескертулер	180
Қондырмаларды қолдану	181
Күтім және техникалық қызмет көрсету	183
Ақаулар кезіндегі көмек	183
Техникалық мағлұматтар	184

Жалпы нұсқаулар



Құрылғыны алғаш рет қолданбас бұрын, осы пайдалану жөніндегі түпнұсқа нұсқаулық пен берілген қауіпсіздік жөніндегі нұсқауларды оқып шығыңыз. Оларға сай әрекет етіңіз.

Екі кітапшаны да әрі қарай пайдалану немесе келесі иесі үшін сақтап қойыңыз.

Бұйымды мақсатына сәйкес қолдану

Бұйымды үй шаруашылығында ғана қолданыңыз.

Құрал буды тазартуға арналған және оны осы нұсқаулықта сипатталғандай сәйкес толымдаушылармен қолдануға болады. Тазартқыш құралдар қажет емес. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларды орындаңыз.

Қоршаған ортаны қорғау



Орауыш материалдарын утилизациялауға болады. Орауыштарды қоршаған ортаға қауіпсіз түрде утилизациялаңыз.



Электрлік және электрондық бұйымдардың құрамында қате қолдану немесе утилизациялау нәтижесінде адам денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп төндіруі ықтимал, құнды қайта өңделмелі материалдар және батареялар, аккумуляторлар немесе май сияқты бөлшектер жиі кездеседі. Алайда, аталмыш бөлшектер бұйымды тиісінше пайдалану үшін қажет болады. Осы таңбамен белгіленген бұйымдарды үй қоқыстарымен бірге тастауға болмайды.

Құрамдағы заттар бойынша нұсқаулар (REACH)

Бұйымның құрамындағы заттар туралы соңғы міліметтер төмендегі мекенжай бойынша қолжетімді: www.kaercher.de/REACH

Керек-жарақ және қосалқы бөлшектер

Тек түпнұсқалы керек-жарақ немесе қосалқы бөлшектерді пайдаланыңыз, себебі ол құралдың қауіпсіз және апатсыз жұмыс істеуіне кепілдік болады.

Керек-жарақтар мен қосалқы бөлшектер туралы ақпарат www.kaercher.com веб-сайтында қолжетімді.

Жеткізілім жинағы

Бұйымның жеткізілім жинағы орауыштың үстінде көрсетілген. Бұйымды орауыштан шығарғанда жинақтың толықтығын тексеріп шығыңыз. Керек-жарақтар жетіспеген немесе тасымалдау кезінде зақымдар тиген жағдайда, дилеріңізге хабарласыңыз.

Кепілдік

Әр елде жергілікті дистрибьюторлар берген кепілдік шарттары қолданылады. Бұйымда материалдық немесе өндірістік ақаулар анықталған жағдайда, ықтимал ақауларды кепілдік мерзімі ішінде ақысыз жөндейміз. Кепілдік мерзіміне наразылықтарыңыз болса, бұйымды сатқан сауда мекемесіне немесе жақындағы өкілетті қызмет көрсету орнына түбіртеккі көрсетіп хабарласыңыз. (Мекенжайы артық жағында берілген)

Өндірілген күні көрсетілген түр кестесінде шифрланған.

Жеке сандардың мағынасы келесідей болады:

Мысалы: 30190

- 3 Өндірілген жылы
- 0 Өндірілген ғасыры
- 1 Өндірілген онжылдық
- 9 Өндірілген айының екінші саны
- 0 Өндірілген айының бірінші саны

Сонымен бұл мысалда 30190 коды 09/(2)013 өндірілген күнін білдіреді.

Қорғаныс құрал-жабдықтары




△ АБАЙЛАҢЫЗ

Жоқ немесе өзгертілген қорғаныс құрал-жабдықтары

Қорғаныс құрылғысы сіздің қауіпсіздігіңізге арналған. Қорғаныс құрылғысын ешқашан өзгертпеңіз немесе ажыратпаңыз.

Бұйымдағы белгілер

(Бұйым түріне байланысты)

	Күю қаупі бар, жұмыс кезінде құрылғының беті қызғады
	Будан күю қаупі бар
	Пайдалану нұсқаулығын оқып шығыңыз

Қысым реттегіші

Жұмыс кезінде қысым реттегіші бу қазанындағы қысымды мүмкіндігінше тұрақты ұстайды. Бу қазанында максималды жұмыс қысымына жеткен кезде, қыздыру өшіріледі, ал бу тару кезінде қысым төмен түскен кезде қайта қосылады.

Сақтандырғыш термостат

Сақтандырғыш термостат құрылғының қызып кетуінің алдын алады. Қысым реттегіші мен қазан термостаты істен шыққан және құрылғы қызып кететін жағдайда, сақтандырғыш термостат құрылғыны өшіреді. Сақтандырғыш термостатты өшіру үшін, KÄRCHER өкілетті сервистік қызметіне жүгініңіз.

Қазан термостаты

Мысалы, бу қазанында су жоқ болса және бу қазанындағы температура артатын болса, ақаулық туындаған жағдайда, қазан термостаты қыздыруды өшіреді.

Су қосылған бойда, құрылғы қайтадан пайдалануға дайын болады.

Технологиялық бітеуіш

Технологиялық бітеуіш бу қазанын артатын қысымнан бітейді. Технологиялық бітеуіш бір уақытта сақтандырғыш клапан болып та табылады. Қысымды реттегіш істен шыққан және бу қазанындағы қысым артатын болса, сақтандырғыш клапан ашылып, бу технологиялық бітеуіш арқылы сыртқа шығарылады.

Құрылғыны қайта іске қосу алдында KÄRCHER сервистік орталығымен кеңесіңіз.

Құрылғының сипаттамасы

Осы нұсқаулықта максималды комплектациядағы құрылғы сипатталған. Үлгіге қарай жеткізілім комплектациясында айырмашылықтар болады (Қаптаманы қараңыз).

Суреттерді графикалық бөліктен қараңыз.

Сурет А

- ① Қақпағы бар құрылғы розеткасы
- ② Су бағи
- ③ Су бағинің тұтқасы
- ④ Ауыстырып-қосқыш
- ⑤ Қызмет көрсету ауқымы
- ⑥ Индикация - ӨШІРУЛІ күйі
- ⑦ Индикация - Су жеткіліксіз (қызыл)
- ⑧ Индикация - Қыздыру (жасыл)
- ⑨ Будың минималды сатысы
- ⑩ Бу қуатын таңдау ауқымы
- ⑪ Будың максималды сатысы
- ⑫ VaroHudro функциясына арналған бу сатысы
- ⑬ Керек-жарақтарға арналған бөліктің қақпағы
- ⑭ Технологиялық бітеуіш
- ⑮ Жылжытуға арналған сап
- ⑯ Құрамдас бөліктер тұтқышы
- ⑰ Керек-жарақтарды сақтау
- ⑱ Желі кабеліне арналған бөлігі
- ⑲ Еден қондырмасын тұраққа қою тұтқышы
- ⑳ Желілік штекері бар желілік байланыстырғыш кабель
- ㉑ Дөңгелектер (2 дана)
- ㉒ Бағыттауыш шығыршық
- ㉓ Бу тапаншасы
- ㉔ Бу тетігі
- ㉕ Құлыптан шығару түймесі
- ㉖ Балалардан қорғау
- ㉗ Бу беруге арналған шланг
- ㉘ Бу шлангісінің штекері
- ㉙ Нүктелік шүмек
- ㉚ Дөңгелек шөтке (кішкентай)
- ㉛ **/** Турбо қондырма
- ㉜ **/** Дөңгелек шөтке (үлкен)
- ㉝ Қондырма-щетка
- ㉞ Қондырма-щеткаға арналған микроталшықты майлық
- ㉟ Ұзартқыш түтіктер (2 дана)
- ㊱ Құлыптан шығару түймесі
- ㊲ Еден тазалауға арналған қондырма

- ③8 Тоқыма ілмек
- ③9 Микро талшықтан жасалған еденге арналған шүберек (1 дана)
- ④0 **/*Микроталшықтан жасалған еден шүберегі (2 дана)
- ④1 **/*Кілем төсемелеріне арналған қондырма
- ④2 Қақты кетіруге арналған құрал
- ④3 */*Бу шығарылатын үтік
- ④4 */*Будың берілуін ажыратқыш (төменгі жағынан)
- ④5 */*Бақылау шамы (сарғылт) - қыздыру
- ④6 */*Будың берілуін ажыратқыш (жоғарғы жағынан)
- ④7 */*Буды ажыратқышты құлыптау
- ④8 */*Температураны реттегіш
- ④9 */*Бу істікшесі

*SC 5 EasyFix Iron

**SC 5 EasyFix Premium

***SC 5 EasyFix Premium Iron

Орнату

Қондырғыларды монтаждау

1. Құрылғы розеткасының қақпағын ашыңыз.
Сурет В
2. Құрылғы ұясына бу келтеқосқышын салып, сырт еткен дыбыс естілгенше жабыңыз.
Сурет В
3. Құрамдас бөліктерінің бос ұшын бу пистолетінің құлпын ашу түймесі жабылғанша бу пистолетіне бұрап салыңыз.
Сурет Н
4. Қондырманың ашық шетін нүктелік шүмекке кигізіңіз.
Сурет І
5. Ұзартқыш түтіктерді бу тапаншасымен байланыстырыңыз.
 - a Бірінші. Ұзартқыш түтікті бу пистолетінің құлпын ашу түймесі жабылғанша бу пистолетіне бұрап салыңыз. Байланыстырғыш түтік жалғанған.
 - b Екінші. Ұзартқыш түтікті бірінші ұзартқыш түтікке кигізіңіз. Байланыстырғыш түтіктер жалғанған.
6. Құрамдас бөлігін/еден қондырмасын ұзартқыш түтіктің бос ұшына кигізіңіз.
Сурет К
Қондырма жалғанған.

Қондырманы ажыратыңыз

1. Балалардан қорғанысты артқа жылжытыңыз. Бу тетігі құлыпталған.
2. Құрылғы розеткасының қақпағын төмен басып, бу келтеқосқышын орнынан шығарып алыңыз.
3. Блоктан шығару түймесін басып, бөлшектерін ажыратыңыз.
Сурет Р

Пайдалану

Су құйыңыз

Су багін толтыру үшін кез келген уақытта шешіп алуға және тікелей құрылғыға орнатылған күйде сумен толтыруға болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Құрылғыны зақымдау

Сәйкес келмейтін судың бүріккіштерін бітеп, су деңгейі индикаторын зақымдауы мүмкін.

Таза дистилденген су құймаңыз. Құбыр суымен араластырылған макс. 50 % дистилденген суды пайдаланыңыз.

Киймді кептіргіштегі конденсатты суды пайдаланбаңыз.

Жиналған таңбыр суын қолданбаңыз.

Құрылғыға тазалау құралын немесе басқа қоспа (мыс., хош иістендіргіш) құймаңыз.

Толтыру мақсатында суға арналған ыдысты алыңыз

1. Су багін көлденеңінен жоғары қарай тартып алыңыз.
Сурет С
2. Су багін көлденеңінен құбыр суымен және құбыр суы мен «МАКС» белгісіне дейінгі макс. 50 % дистилденген су қоспасымен толтырыңыз.
3. Су багін орнына салып, сырт еткенше төмен басыңыз.

Суға арналған ыдысты алмай толтыру

1. Құбыр суын немесе құбыр суы мен макс. 50 % дистилденген су қоспасын бір ыдыстан су багіне құю саңылауы арқылы «МАКС» белгісіне дейін құйыңыз.
Сурет D

Шаңсорғышты қосу

Нұсқау

Бу қазанында су болмаса немесе тым аз болса, су сорғысы түсіріліп, бу қазанына су багінің суын береді. Толтыру процесі бірнеше минутқа созылуы мүмкін.

Нұсқау

Әрбір 60 секундта құрылғы қысқа мерзімге клапанын жабады, бұл кезде жеңіл сырт еткен дыбыс естіледі. Жабу клапанның құлыпталуының алдын алады. Бұл бу шығарылуына әсер етпейді.

1. Құрылғыны тұрақты тірекке орналастырыңыз.
2. Желілік штекерді электр розеткасына қосыңыз.

Сурет Е

3. Ауыстырып-қосқышты ВЫКЛ қалпынан бу қуатын таңдау ауқымына бұраңыз.

Сурет F

4. Жасыл қыздыруды бақылау шамы жыпылықтап тұрады.
Сурет F
4. Жасыл қыздыруды бақылау шамы тұрақты жанып тұрады.
Сурет G

Сурет G

5. Бу тетігін басыңыз.

Сурет H

Бу шүмектен шығады.

Бу мөлшерін реттеу

Берілетін бу мөлшері бу мөлшерін ауыстырып-қосқыш көмегімен реттеледі. Ауыстырып-қосқыш арқылы бу сатысын таңдауға болады: жеңіл ластанулар үшін минималды деңгейден бастап, қатты ластанулар үшін максималды деңгейге дейін.

VaroHydro функциясы қол жеткізу қиын жерлердегі қатты ластануларды кетіруге арналған.

1. Ауыстырып-қосқышты қалаған бу мөлшеріне орнатыңыз.
2. Бу тетігін басыңыз.
3. Тазалау алдында бу пистолетін шүберекке бағыттап, бу тегіс шығарылмайынша күтіңіз.

Суды толтырыңыз

Су жетіспеген жағдайда су жетіспейтінін бақылау шамы қызыл түсте жыпылықтап, акустикалық сигнал шығарылады.

Нұсқау

Су сорғысы бу қазанын аралық режимде толтырады. Толтыру сәтті өткен болса, су жетіспейтінін бақылау қызыл шамы өшеді.

Нұсқау

Бу қазанында су болмаса немесе тым аз болса, су сорғысы түсіріліп, бу қазанына су багінің суын береді. Толтыру процесі бірнеше минутқа созылуы мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫ

Құрылғыны зақымдау

Сәйкес келмейтін судың бүріккіштерін бітеп, су дөңгелі индикаторын зақымдауы мүмкін. Таза дистилденген су құймаңыз. Құбыр суымен араластырылған макс. 50 % дистилденген суды пайдаланыңыз.

Киімді кептіргіштегі конденсатты суды пайдаланбаңыз.

Жиналған жаңбыр суын қолданбаңыз.

Құрылғыға тазалау құралын немесе басқа қоспа (мыс., хош иістендіргіш) құймаңыз.

1. Су багін құбыр суымен және құбыр суы мен «МАКС» белгісіне дейінгі макс. 50 % дистилденген су қоспасымен толтырыңыз. Құрылғы пайдалануға дайын.

Құрылғыны өшіру

1. Ауыстырып-қосқышты ВЫКЛ. қалпына бұраңыз.
Сурет N
Бу генераторы өшірілген.
2. Бу шығарылуын тоқтатпайынша, бу тетігін басып тұрыңыз.
Сурет O
Бу генераторы қысым үстінде емес.
3. Балалардан қорғанысты артқа жылжытыңыз. Бу тетігі құлыпталған.
4. Құрылғы розеткасының қақпағын төмен басып, бу келтеқосқышын орнынан шығарып алыңыз.
5. Желілік штекерді электр розеткасынан шығарып алыңыз.
6. Су багін босаты.

Бу генераторын жуу

Құрылғының бу қазанын оны әр 8 толтырғаннан кейін жуыңыз.

1. Құрылғыны өшіру, бөлімді қараңыз: Құрылғыны өшіру.
2. Құрылғыны суытыңыз
3. Су багін босаты.
4. Кронштейннен керек-жарақтарды шығарып алыңыз.
5. Керек-жарақтарға арналған бөліктің қақпағын ашыңыз.
6. Бөліктен керек-жарақтарды шығарып алыңыз.
7. Технологиялық бітеуішті ашыңыз. Бұл үшін ұзартқыш түтіктің ашық ұшына технологиялық

бітеуішке орнатып, бағыттауыштарына бекітіп, ысырып шығарып алыңыз.

Сурет S

8. Бу генераторын сумен толтырып, қатты шайқаңыз. Бұл бу генераторының астында әкті шөгінділердің қабатталуына әкеледі.
9. Бу генераторынан бүкіл суды ағызыңыз.

Сурет T

Құрылғыны сақтауға булау

1. Дөңгелек шөткені бөлікте тығып қойыңыз.
2. Қолмен жұмыс істейтін қондырманы 1-ші ұзартқыш түтікке кигізіңіз.
3. Ұзартқыш түтіктерді керек-жарақтарға арналған тұтқиышқа салыңыз.
4. Нүктелі тозаңдату қондырмасын керек-жарақтарды сақтау бөлігіне салыңыз.
5. Еден қондырмасын тұраққа қою тұтқиышына салыңыз.
Сурет Q
6. Бу шлангісін ұзартқыш түтіктерді айналдыра орап, бу пистолетін еден қондырмасына салыңыз.
Сурет R
7. Желі кабелін желі кабелін сақтау бөлігіне тығып қойыңыз.
8. Құрылғыны құрғақ және аяздан қорғалған орынға сақтаңыз.

Қолдануға арналған маңызды ескертулер

Еден бетін тазарту

Құрылғыны қолдану алдында еденнің бетін шаңсорғышпен соруға немесе сыпыруға кеңес беріледі. Осылайша ылғалды тазартудан бұрын еден лас пен бөтен заттардан тазартылады.

Матаны жаңарту

Құрылғыны пайдаланбастан бұрын бүркеулі жерде матамен үйлесімділігін әрқашан тексеріңіз: Матаны бумен өңдеп, кептіріңіз, сосын түсінің немесе пішімінің өзгергенін тексеріңіз.

Көпқабатты немесе лакталған беттерді тазарту

НАЗАР АУДАРЫҢЫ

Зақымдалған беттер

Бу балауызды, жиһаз лагын, пластик жабындарды немесе шеттерінің бояуы мен жапсырмасын ерітіп жібере алады.

Буды желімделген шеттеріне бағыттамаңыз, жапсырмасы қатпарлануы мүмкін.

Құралды қорғалмаған ағаш немесе паркет едендерді тазартуға қолданбаңыз.

Құрылғыны боялған немесе пластикпен жабылған беттерді, асуы немесе үй жиһазын, есіктерді немесе паркетті тазалауға қолданбаңыз.

1. Осы беттерді тазарту үшін, матаны бумен қысқа уақыт өңдеп, онымен бетін суртіңіз.

Әйнекті тазарту.

НАЗАР АУДАРЫҢЫ

Әйнектің сынуы және беттің зақымдалуы

Бу терезе жақтауының жапсырылған бөліктерін зақымдауы және сырт температурасы төмен болған кезде терезе әйнегі бетіне күш түсуіне әкелуі, нәтижесінде оның сынуы мүмкін.

Буды терезе жақтауының жапсырылған бөліктеріне бағыттамаңыз.

Әйнектің бүкіл бетін бумен мұқият жеңіл өңдеу арқылы әйнектерді сырт температурасы төмен болған кезде қыздырыңыз.

- Терезенің бетін қондырма-щеткамен тазалап, микроталшыққа арналған алынбалы майлықты тазартыңыз. Суды жою үшін, айдауды пайдаланыңыз немесе бетін құрғатып кептіріңіз.

Қондырмаларды қолдану

Бу тапаншасы

Бу пистолетін мына жағдайларда құрамдас бөліктерсіз пайдалануға болады:

- Ілініп тұрған киімдегі жеңіл қыртыстарды жою үшін: Киімді бумен 10-20 см қашықтықтан өңдеңіз.
- Шанды ылғалмен жою үшін: Майлықты бумен жеңіл өңдеп, онымен жиһазды сүртіңіз.

Нүктелік шүмек

Нүктелік шүмекпен қиын қол жететін аймақтарды, тігістер, фитингтер, суағар, шұңғылша, әжетхана, жалюзи немесе радиаторларды тазалауға болады. Нүктелік шүмек ластанған жерге жақын болған сайын, тазарту әсері жоғары болады, себебі шүмектен шыққан кездегі температура мен бу мөлшері ең жоғары. Қатты әк шөгінділерін бумен тазарту алдында сәйкес келетін жуғыш құралмен өңдеуге болады. Жуғыш құралды шамамен 5 минут әрекет етуге қалдырып, бумен өңдеңіз.

1. Нүктелік шүмекті бу тапаншасына ысырыңыз.

Дөңгелек шөтке (кішкентай)

Кішкентай дөңгелек шөтке қатты кірді кетіру үшін қызмет көрсетеді. Щетка арқылы ескі ластарды жою оңай.

НАЗАР АУДАРЫҢЫ Зақымдалған беттер

Щетка жұмсақ беттерді сызып тастауы мүмкін. Жұмсақ беттерді тазартуға арналмаған.

1. Кішкентай дөңгелек шөткені нүктелі тозаңдату қондырмасына орнатыңыз.

Сурет 1

Дөңгелек шөтке (үлкен)

Үлкен дөңгелек шөтке шұңғылша, себезгі кабинасы, ванна, ас үй жуғышы сияқты үлкен дөңгелек беткейлерді тазалауға қолайлы болып табылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫ Зақымдалған беттер

Щетка жұмсақ беттерді сызып тастауы мүмкін. Жұмсақ беттерді тазартуға арналмаған.

1. Үлкен дөңгелек шөткені нүктелі тозаңдату қондырмасына орнатыңыз.

Сурет 1

Тазартуды жақсартуға арналған қондырма

Жақсартылған тазартуға арналған қондырма ескі ласты тазалауға, бұыштарды, тігістерді және т.б. тазалауға келеді.

1. Жақсартылған тазартуға арналған қондырманы дөңгелек щетканың орнына нүктелік шүмекке кигізіңіз.

Сурет 1

Қондырма-щетка

Қондырма-щеткамен шағын жуылатын беттерді, душ кабиналары мен әйнекі тазалауға болады.

1. Қолмен жұмыс істейтін қондырманы бу пистолетіндегі сәйкес нүктелі тозаңдату қондырмасына кигізіңіз.

2. Майлықты микроталшыққа бекітіңіз.

Еден тазалауға арналған қондырма

Еденге арналған қондырмамен тас едендер, плитка және ПВХ едендер сияқты жуылатын қабырға және еден жабындарын тазалауға болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫ

Бумен өңдеуден болған зақымдар.

Жоғары температура мен ылғалдық зақымдарға әкелуі мүмкін.

Пайдалану алдында будың жылуға төзімділігі мен әсерін білінбейтін жерде будың аз мөлшерімен тексеріңіз.

Нұсқау

Тазартылатын беттегі тазартқыш құралдардың немесе күтім көрсетуге арналған эмульсиялардың қалдығы бумен тазалаған кезде жолақтар пайда болуына әкелуі мүмкін, ол қайта өңдеген кезде жойылады.

Құрылғыны қолдану алдында еденнің бетін шаңсорғышпен соруға немесе сыпыруға кеңес беріледі. Осылайша ылғалды тазартудан бұрын еден лас пен бөтен заттардан тазартылады. Қатты ластанған жерлерде будың ұзақ әрекет етуі үшін мұқият жұмыс істеніз.

1. Ұзартқыш түтіктерді бу тапаншасымен байланыстырыңыз.

Сурет J

2. Еденге арналған қондырманы ұзартқыш түтікке кигізіңіз.
3. Еденге арналған қондырмаға майлықты бекітіңіз.

Сурет K

- a. Еденге арналған майлықты еденге жабысатын жолақтарын жоғары қаратып қойыңыз.
- b. Еденге арналған қондырманы майлыққа қойып, жеңіл қысыңыз.

Сурет L

Еденге арналған майлық еденге арналған қондырмаға өздігінен бекітіледі.

Еденге арналған майлықты алыңыз

1. Аяққа арналған сүйеуішке еденге арналған майлықты қойып, еденге арналған қондырманы жоғары көтеріңіз.

Сурет L

Нұсқау

Ең басында еденге арналған шүберектің бекітпе таспасы әлі жеткілікті түрде жақсы ұсталады және еден қондырмасынан әрең ажыратылады. Кеп рет қолданған және жуған соң, шүберек еден қондырмасынан жақсы шешіледі, оңтайлы бекіту күшіне қол жеткізілген.

Еден қондырмасын тұраққа қою

1. Жұмыстағы үзілістер кезінде еден қондырмасын тұраққа қою тұтқышына қойыңыз.

Сурет Q

Кілемге арналған қондырма

Кілемге арналған қондырма арқылы кілемді жаңалауға болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫ

Кілемге арналған қондырма мен кілемдегі зақымдар

Кілемге арналған қондырмадағы ластанулар, сондай-ақ жоғары температура мен дымқылға қанығу кілемнің зақымдануына әкелуі мүмкін. Оған қоса пайдаланбас бұрын, кілемнің көрінбейтін жеріне будың аз мөлшерімен жоғары температураға және будың әсеріне тұрақтылығын тексеріңіз.

Кілем өндірушісінің тазарту жөніндегі нұсқауларын орындаңыз.

Кілемге арналған қондырманы пайдалану алдында кілемнің шаңсорғышпен тазаланғанына және ықтимал дақтардың кетірілгеніне көз жеткізіңіз. Пайдалану алдында және жұмыстағы үзілістен кейін ағатын тұрбаға (шүберек қондырмасыз/ құрамдастармен) булау арқылы құрылғыда жиналып қалуы мүмкін суды (конденсатты) жойыңыз. Бу щеткасын еденге арналған щеткада шүберек қондырмамен ғана қолданыңыз.

Кілемге арналған қондырма арқылы бумен тазалау жұмысын тек кіші бұға айналдыру режимі арқылы орындаңыз.

Жоғары температура әсерінен қатты ылғалданбауы және зақымдалмауы үшін, бу ағынын ұзақ уақыт бойы бір орынға бағыттамаңыз (ең көбі 5 секунд).

Кілем тазалауға арналған биік түкті кілемге арналған қондырманы қолданбаңыз.

Кілемге арналған қондырманы еденге арналған қондырмаға бекіту

1. Шүберек қондырманы еденге арналған қондырмаға бекіту, мына бөлімді қараңыз: Еден тазалауға арналған қондырма.
Сурет L
2. Кілемге арналған қондырманы еденге арналған қондырмаға сырт еткенше жеңіл басып қондырыңыз.
Сурет M
3. Кілемді тазалауды бастаңыз.

Кілемге арналған қондырманы еденге арналған қондырмадан алу

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Аяқтың күйі

Бумен өңдеу кезінде кілемге арналған қондырма қатты қызуы мүмкін. Бу щеткасымен жалаң аяқ немесе ашық аяқкіімде ешқашан жұмыс істемейсіз және алмаңыз. Бу щеткасымен тек сәйкес келетін аяқкіімде жұмыс істеңіз және алыңыз.

1. Кілемге арналған қондырманың тілшесін бөтенке тұмсығымен төмен басыңыз.
2. Еденге арналған қондырманы жоғары көтеріңіз.
Сурет M

Бу шығарылатын үтік

Нұсқау

Белсенді бұды ұстап алу мүмкіндігі бар KÄRCHER үтіктеу тақтасын пайдалануға кеңес береміз. Бұл үтіктеу тақтасы сіз алған құрылғыға оңтайлы сәйкес келеді. Ол үтіктеу процесін жеңілдетеді және жылдамдатады. Кез келген жағдайда қолданылатын үтіктеу тақтасында бұды түбіне дейін өткізетін тор болу керек.

Нұсқау

Үтік бу шығару деңгейіне қосылған кезде бу деңгейін VaroHydro функциясына орнатпаңыз, әйтпесе үтікшелетін киім ылғал болып қалады.

Бу қуатының ұсынылатын сатылары

Саты	Киім материалы
Мин. бу сатысы	Аздап қыржымдалған киім
Макс. бу сатысы	Джинсы

1. Бу қазанында құбыр суы немесе құбыр суы мен макс. 50 % дистилденген су қоспасы бар екеніне көз жеткізіңіз.
2. Құрылғы ұясына үтіктеңіз бу келтеқосқышын салып, сырт еткен дыбыс естілгенше жабыңыз.
3. Бу генераторын іске қосыңыз, мына бөлімді қараңыз: Шаңсорғышты қосу.
4. Бу генераторы жұмысқа дайын болмайынша күтіңіз.

Бумен үтіктеу

Көптеген маталарды бу көмегімен үтіктеуге болады. Нәзік маталар мен принттерді ішін сыртына айналдырып немесе өндіруші нұсқауларына сай үтіктеу керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Киімді зақымдау

Үтіктеу бойынша нұсқауларды ұстанбау киімнің зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Киімге тігілген жапсырмасындағы үтіктеу бойынша нұсқаулармен танысыңыз.

Нұсқау

Нәзік матаға күйікке қарсы табаны бар KÄRCHER BE 6006 үтігін пайдалануды ұсынамыз.

Нұсқау

Бу онда конденсацияланбауы және үтікшелетін киімге тамбау үшін, үтік табаны ыстық болу керек. Тұтас перделерді, көйлектерді және т.б. бумен өңдеу үшін үтікті көлденеңнен ұстауға болады.

1. Температура реттегішін белгіленген ауқым ішіне орнатыңыз (●● /MAX). Сарғылт үтікті қыздыруды басқару шамы өшкен бойда, үтіктеуге кірісуге болады.
2. Бу беру түймесін (жоғарғы немесе төменгі жағынан) басыңыз.
 - **Аралық булау:** Бу беру түймесін басыңыз. Түйме басылып тұрғанда, бу да беріле береді.
 - **Үздіксіз булап жібіту:** Бу беру түймесінің қапсырмасын сырт еткенше артқа қарай тартыңыз. Бу үздіксіз беріледі. Блоктан ашу үшін ысырманы алға қарай итеріңіз.
3. Үтіктеуді бастамас бұрын бұдың шығарылуын шүберекке бағыттап, бу тегіс шығарылмайынша күтіңіз.

Құрғақ үтіктеу

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Құрылғыны зақымдау

Бу қазанында судың жеткіліксіз мөлшері құрылғының зақымдалуына әкеледі

Бу қазанында су бар екеніне көз жеткізіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Киімді зақымдау

Үтіктеу бойынша нұсқауларды ұстанбау киімнің зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Киімге тігілген жапсырмасындағы үтіктеу бойынша нұсқаулармен танысыңыз.

1. Киімге сәйкес үтіктің температура реттегішін танданыз.

●	Синтетика
●●	Жүн, жібек
●●●	Мақта, зығыр

2. Сарғылт бақылау шамы өшпейінше күтіңіз. Үтік үтіктеуге дайын.

Күтім және техникалық қызмет көрсету

Бу қазанындағы қақты тазалау

Нұсқау

Құралға әк шөгінділері жиналатындықтан, құралды кестедегі сұға арналған ыдыстың толу мөлшеріне қарай тазартуға кеңес береміз (TF = ыдыстың толуы).

Қаттылық ауқымы	°dH (неміс қаттылық градусы)	ммоль/л	TF (ыдысты толыту)
I жұмсақ	0-7	0-1,3	100
II орташа	7-14	1,3-2,5	90
III қатты	14-21	2,5-3,8	75
IV өте қатты	>21	>3,8	50

Нұсқау

Су шаруашылығы басқармасы немесе муниципалитеттер су құбыры суының қаттылығы туралы ақпарат береді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫ

Зақымдалған беттер

Қақты еріткіштердің сезімтал бетке кері әсер етуі мүмкін.

Құрылғыны толтыру және босату жұмыстарын мұқият орындаңыз.

1. Құрылғыны өшіріңіз, бөлімді қараңыз: Құрылғыны өшіру.
2. Құрылғыны суытыңыз.
3. Ыдысты босатыңыз.
4. Қондырмаларды қондырмаларға арналған ұстағыштан шығарыңыз.
5. Қондырмаларға арналған жәшік қақпағын ашыңыз.
6. Қондырмаларға арналған жәшіктен қондырмаларды шығарып алыңыз.
7. Қызмет көрсетуге арналған қақпақты ашыңыз. Ол үшін ұзартқыш түтіктің ашық шетін қызмет көрсетуге арналған қақпаққа орналастырып, бағыттаушыға сырт еткізу арқылы бұраңыз.

Сурет S

8. Бу генераторынан бүкіл суды ағызыңыз.

Сурет T

НАЗАР АУДАРЫҢЫ

Аспаптың қақты жоюға арналған құралмен зақымдалуы

Қақты жоюға сәйкес келмейтін құрал мен оны қате мөлшерлеу құрылғыны зақымдауы мүмкін.

KÄRCHER қақты жоюға арналған құралын ғана қолданыңыз.

Қақты жоюға арналған құралдың 1 мөлшерін 0,5 л суға қолданыңыз.

9. Қақты жоюға арналған құралды қаптамадағы нұсқаулыққа сәйкес қолданыңыз.

10. Қақты жоюға арналған құралды бу генераторына құйыңыз. Бу генераторын жаппаңыз.
11. Қақты жоюға арналған құралдың ерітіндісін 8 сағатқа қалдырыңыз.
12. Қақты жоюға арналған құрал ерітіндісін бу генераторынан толығымен ағызыңыз.
13. Қажет болса процедураны қайталаңыз.
14. Қақты жоюға арналған ерітіндінің барлық қалдығын жою үшін, бу генераторын 2-3 рет салқын сумен жуыңыз.
15. Бу генераторынан бүкіл суды ағызыңыз.
16. Желі кабелі сақталатын орынды құрғатыңыз.
17. Ұзартқыш түтік арқылы қызмет көрсетуге арналған қақпақты бұраңыз.

Толымдаушыларға күтім көрсету

(Жеткізілуіне қарай толымдаушылар)

Нұсқау

Еденге және қондырма-шетқаға арналған майлық таза және құрылғымен бірге қолдануға дайын. Микрофазадан жасалған майлық кептіргіште кептіруге арналмаған.

Нұсқау

Майлықтарды жуған кезде жапсырмадағы жуу шарттары көрсетілген нұсқауларды сақтаңыз. Майлықтар ласты жақсы сіңіре алу үшін, жұмсақ шайғышты пайдаланбаңыз.

1. Еденге арналған майлықтар мен қаптарын кір жуғыш машинада ең көбі 60 °C-пен жуыңыз.

Ақаулар кезіндегі көмек

Ақаулардың себептері көп жағдайда келесі шолуды пайдалану арқылы өздігінен жоюға болатындай қарапайым болады. Күдіктер болса немесе осы жерде көрсетілмеген ақаулар болған кезде, рұқсат етілген сервистің орталыққа хабарласыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Күйіктер қаупі және электр тогынан жарақат алу

Құрылғы қуат көзіне қосылу кезде немесе суымаған кезде, ақауларды жою қаупі.

Желілік штекерді розеткадан шығарып алыңыз.

Құрылғыны суытыңыз.

Судың жетіспейтінін бақылау шамы қызыл түсте жыпылықтап, дыбыстық сигнал шығарылуда

Бакте су жоқ.

- Су бағін «МАКС» деңгейіне дейін толтырыңыз.

Судың жетіспейтінін бақылау шамы қызыл түсте жанып тұр

Бу қазанында су жоқ. Сорғыны қызып кетуден қорғаныс іске қосылған.

1. Құрылғыны өшіру, бөлімді қараңыз: Құрылғыны өшіру.
2. Су бағін толтырыңыз.
3. Құрылғыны қосыңыз, мына бөлімді қараңыз: Шаңсорғышты қосу.

Су бағі дұрыс орнатылмаған немесе онда қақ түзілген.

1. Су бағін шешіп алыңыз.
2. Су бағін жуыңыз.
3. Су бағін орнына салып, сырт еткенше төмен басыңыз.

Бу тетігі басылмады

Бу тетігі балалардан қорғаныспен құлыпталған.

- Балалардан қорғанысты алға жылжытыңыз.
- Бу тетігі құлыптан шығарылған.

Ұзақ уақыт қыздады

Бу генераторы қақпен жабылған.

- Бу генераторын қақтан тазартыңыз.

Су шығыны жоғары

Бу генераторы қақпен жабылған.

- Бу генераторын қақтан тазартыңыз.

VaroHydro бу сатысы орнатылды.

- Ауыстырып-қосқышты бу қуатын таңдау ауқымына бұраңыз.

Бу шығарылатын үтіктен су «шашырайды»

- Температура реттегішін ●●● қалпына қойыңыз.
- Бу генераторының бу қазанын жуыңыз немесе қақты тазалаңыз, мына бөлімді қараңыз: Бу қазанындағы қақты тазалау.

Үтіктеу үзілістерінен кейін бу шығарылатын үтіктен су тамшылары тамуы мүмкін

Үтіктеу арасындағы ұзағырақ үзілістерде будың бу жолдарында конденсациялануы мүмкін.

- Үтіктеу арасындағы үзілістен кейін будың шығарылуын шүберекке бағыттап, бу тегіс шығарылмайынша күтіңіз.

Техникалық мағлұматтар

Электр желісіне қосу

Кернеу	В	220-240
Фаза	~	1
Жиілік	Гц	50
Қорғаныс класы		IPX4
Қорғау класы		I

Жұмыс сипаттары

Жылу қуаты	Вт	2200
Үтікті қыздыру қуаты	Вт	700
Максималды жұмыс қысымы	МПа	0,42
Қызу уақыты	минутта	3
	р	
Үздіксіз булап жібіту	г/мин	60
Максималды бу импульсі	г/мин	150
VaroHydro буының мөлшері	г/мин	250

Сыйымдылық

Су багі	л	1,5
Бу генераторы	л	0,5

Өлшемдері мен салмағы

Салмағы (толымдаушыларсыз)	кг	6,0
Ұзындығы	мм	439
Ені	мм	301
Биіктігі	мм	304

Техникалық өзгерістер рұқсат етілген.